



г. Астана

№ 5/2026 пункт 7

от « 30 » наурыз 20 26 г.

ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ-КӨШРМЕ

Орган **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі**

Төраға **Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлы**

*Отырыстың
нөмірі және
күні* **2026 жылғы 30 наурыздағы №5/2026**

*Мәселенің
нөмірі және
атауы* **№7 “«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы
компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы”**

*Отырыстың
өткен жері* **Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра
ауданы, Сығанақ көшесі, 17/10, 25-қабат, шағын
конференц-зал.**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2025 жылғы 29 мамырдағы (№2/2025 хаттама, №4 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы (№2/2023 хаттама, №6 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 1-тарауының 1.3-тармағын және 6-тарауының 6.1.5-тармағын (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже) басшылыққа алып,

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 2-тармағының 15-1) тармақшасына, «Қазақтеңізкөлікфлот» ҰТКҚК» ЖШС Жалғыз қатысушысының 2023 жылғы

0003405

С.А. (Инициалы)

3 мамырдағы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №9/2023 хаттамасы, №10 мәселе), 2024 жылғы 7 наурыздағы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №4/2024 хаттамасы, №12 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістермен, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жалғыз қатысушысының 2021 жылғы 9 қыркүйектегі («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №14/2021 хаттамасы, №38 мәселе) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарғысының 8-бабы 44-тармағының 1) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы (№4/2025 хаттама, №1 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 13-бабы, 106-тармағы 47) тармақшасының б) абзацына, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 2-тарауының 2.1-тармағына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 қарашадағы (№19/2022 хаттама, №14 мәселе) шешімімен Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі және Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған қызметтің мәселелеріне қатысты шешімдерді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі қабылдайтын заңды тұлғалар тізбесінің 3-тармағына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, дауыс бергеннен кейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакциядағы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысы бекітілсін.

2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жалғыз қатысушысының 2023 жылғы 3 мамырдағы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №9/2023 хаттамасы, №10 мәселе), 2024 жылғы 7 наурыздағы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №4/2024 хаттамасы, №12 мәселе) шешімдерімен енгізілген өзгерістерімен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жалғыз қатысушысының 2021 жылғы 9 қыркүйектегі шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №14/2021 хаттамасы, №38 мәселе) бекітілген «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарғысының күші жойылды деп танылсын.

3. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бас директоры (Басқарма төрағасы) Б. Мұратұлы белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімге қосымшаға сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

4. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес осы шешім «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімі болып есептелсін.


Корпоративтік хатшы



Д.В. Шәріпов

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС
Жалғыз қатысушысының
2026 жылғы 30 наурыздағы
(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар
кеңесінің №5/2026 хаттамасы, №7 мәселе)
шешімімен
бекітілді

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесі
отырысының күн тәртібінің
№7 мәселе бойынша
(2026 жылғы 30 наурыздағы
№5/2026 хаттама) шешімге
қосымша



**«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ»
ҰЛТТЫҚ ТЕҢІЗ КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ КОМПАНИЯСЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды, заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама) және осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы заңнамаға сәйкес құрылып, әрекет ететін, мына мекен-жай бойынша: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8 Б ғимарат, тұрғын емес тұрғынжай 1, орналасқан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады.

3. Серіктестік мына фирмалық атаулардың кез келгенін қолданады: мемлекеттік тілде толық атауы – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқаша – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚ» ЖШС;

орыс тілінде толық атауы – Товарищество с ограниченной ответственностью «Национальная морская судоходная компания «Казмортрансфлот», қысқаша – ТОО «НМСК «Казмортрансфлот»;

ағылшын тілінде толық атауы – «National Maritime Shipping Company» «Kazmortransflot» limited liability partnership, қысқаша – «NMSC «Kazmortransflot» LLP.

4. Серіктестіктің тұрғылықты жері және мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-шағын ауданы, №70 ғимарат.

5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектеусіз.

2-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлғаның құқықтарына ие болады. Серіктестіктің мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, дербес теңгерімі, банктерде шоттары, өз атауы көрсетілген бланктері, тауарлық белгісі бар. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелерді жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға, міндеттерді артуға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқадай іс-әрекет жасауға құқылы.

7. Серіктестік Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға, сондай-ақ өз тұрғылықты жерінен тысқары жерлерде филиалдарды құруға және өкілдіктерді ашуға құқылы.

8. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері белгіленген тәртіппен бекітілген өздері туралы ережеге сәйкес жұмыс істейді және өз қызметінде

Қазақстан Республикасының, тіркелген елдің заңнамасын және Жарғыны басшылыққа алады.

9. Белгіленген тәртіппен тағайындалатын тұлғалар филиалдар мен өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары тиісті ережелер, сондай-ақ Серіктестік берген сенімхат негізінде іс-әрекет жасайды.

10. Серіктестік заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттерін, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында, шетелдік заңды тұлғалар тіркелген елдің заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

11. Серіктестіктің қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық дербестілік негізінде жүзеге асырылады.

12. Серіктестіктің меншік құқығында оқшаулы мүлкі болады, ол өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлік шегінде жауап береді және Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

13. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестік енгізген құн шегінде оның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін артады. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ Серіктестік мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

14. Серіктестік қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бухгалтерлік есепке алуды жүзеге асырады, Заңнамаға сәйкес статистикалық және қаржы есептілігін түзіп жасайды.

15. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа қаржы ұйымдарында белгіленген тәртіппен ұлттық, сондай-ақ шетелдік валютада шоттарды ашуға құқылы.

16. Серіктестік Заңнамамен және Жарғымен тыйым салынбайтын құқықтарға ие болуы және өзге міндеттемелерді артуы мүмкін.

3-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МӘНІ

17. Серіктестік қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кірістерді түсіру болып табылады.

18. Серіктестік қызметінің мәні ретінде мыналар болып табылады:

1) жүктердің барлық түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, негізгі жүктерді, контейнерлерді, жолаушыларды, жануарларды тасымалдау;

2) кемелердің, баржалардың, жүзбелі доктар мен осы секілдінің барлық түрлерінің кеме жасауы, оларды пайдалану, жөндеу, соның ішінде олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерін, бөлшектерімен бірге қосалқы құрылғыларын және жабдықты сатып алу, делдалдық қызметтерді көрсету;

3) кемелерді жалға беру (жалдау, соның ішінде экипажсыз жалдау), сондай-ақ оның лизингі;

4) қоймалардың, сақтау орындарының, тоңазытқыш құрылғыларының, ангарлардың, жағалаулық тиеу-түсіру және басқадай жабдықтың барлық түрлерінің құрылысы, оларды пайдалану және сатып алу;

5) отынның барлық түрлерін, жағу майларын, көмірді, газолинді және отын мен материалдардың барлық түрлерін сатып алу, сату;

6) кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің құрылысы (кеме жасау және кеме жөндеу базалары), кемелердің кеме жасауы және оларды жөндеу;

7) сүйрету жұмыстары;

8) теңіз агентінің қызметтері;

9) теңіз брокерінің қызметтері;

10) стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;

11) кеден, салық заңнамасы, теңіз тасымалы бойынша экспорттық-импорттық операциялар жөніндегі кәсіби консалтинг;

12) кемелердің кеме жасауы, кеме жөндеу базасының, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің, жағалаулық имараттардың құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу;

13) бейінді мамандарды даярлау және басқасы;

14) Серіктестікке меншік құқығымен тиесілі жылжымайтын мүлік объектілерінде кеңсе орын-жайларын жалдау бойынша қызметтер;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыру;

16) кемелерді, әртүрлі мақсатта жүзбелі құрылыстарды, қайраңды игеруге арналған техникалық құралдарды жобалау (кемелердің, жүзбелі құрылыстардың, қайраңды игеруге арналған техникалық құралдардың жобалық, жұмыс, пайдалану немесе басқадай техникалық құжаттамасын олардың құрылысын салу, қайта жабдықтау, жаңғырту, жөндеу және пайдалану үшін әзірлеу);

17) өзгеше, соның ішінде ауыр салмақты және ірі көлемді жүктер тасымалының жобаларын әзірлеу;

19. Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет лицензияның немесе өзге рұқсат түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялар немесе өзге рұқсат түрлері алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Жалғыз қатысушы мыналарға құқылы:

1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

2) Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты алуға және оның бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен танысуға;

3) Заңға, Жарғыға және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестіктің қызметінен кірістерді түсіруге;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін Жалғыз қатысушының шешімі бойынша заттай алуға;

5) Заңда көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6) Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген құқықтарын бұзушылыққа жол берген Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібімен даулауға;

7) Аудиторлық ұйымның жеке қаражаты есебінен Серіктестіктің қаржы есептілігіне аудит жүргізуді талап етуге.

Жалғыз қатысушы Заңда және Жарғыда көзделген басқадай құқықтарға ие болуы мүмкін.

21. Жалғыз қатысушы мыналарға міндетті:

1) Жарғының талаптарын сақтауға;

2) Серіктестіктің жарғылық капиталына Жарғыда көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде салымдарды енгізуге;

3) Серіктестіктің коммерциялық құпия ретінде жариялаған мәліметті жария етпеуге;

4) Жарғының 2-тармағында көрсетілген Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына қатысты мәліметтің өзгерістері туралы Басқарманы жазбаша түрде хабардар етуге.

Жалғыз қатысушы Жарғыда, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде көзделген басқадай міндеттерді артуы мүмкін.

5-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК ҮЛЕСІН САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

22. Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты www.kmtf.kz корпоративтік веб-сайтында жариялайды.

23. Серіктестік Жалғыз қатысушының және Серіктестік үлесін сатып алушылардың талап етуі бойынша құжаттардың көшірмелерін Жарғымен айқындалған тәртіппен беруге міндетті.

24. Серіктестік Жалғыз қатысушысының мүдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпараттың берілуін Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат ретінде мыналар болып табылады:

1) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Қадағалау кеңесі, Тексеру комиссиясы (Тексеруші) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің займ және қаржы көмегін беруі және алуы;

3) Серіктестіктің қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) нақтылы іс-әрекет жасауға, олардың іс-әрекетін уақытша тоқтатуға немесе мүлдем тоқтатуға лицензия алуы, сондай-ақ Серіктестікті бұдан бұрын

қандай да болмасын қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) нақтылы іс-әрекет жасауға алынған лицензиялардан айыру;

4) Серіктестіктің барлық мүлкіне немесе оның ішінара бөлігіне тыйым салу немесе оны кепілге салу;

5) нәтижесінде теңгерімдік құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан жоғары пайызын құрайтын Серіктестік мүлкінің жойылуына әкеліп соқтыратын төтенше сипатындағы жағдаяттардың басталуы;

6) Серіктестік пен оның лауазымды тұлғаларын Серіктестіктің қызметіне қатысты теріс қылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту;

7) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта құру туралы шешім;

8) аудиторлық есептеме (болған жағдайда);

9) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат;

10) Заңнамаға және Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат.

25. Серіктестік Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын Серіктестік қызметі туралы ақпаратты Жалғыз қатысушының қаперіне осы туындаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

26. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің тиісті сот хабарламасын немесе корпоративтік дау жөнінде азаматтық іс бойынша шақыру қағазы алынған күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

27. Серіктестік Жалғыз қатысушының сұранысы бойынша Жарғының осы бабында көрсетілген өзге ақпаратты немесе құжаттардың көшірмелерін, егер сұраныста өзге мерзім белгіленбеген болса, белгіленген тәртіппен осы сұраныстың алынған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінен кешіктірмей беруге міндетті.

28. «Құпиялы», «Қызметтік пайдалану үшін» жазба белгілері жасалған Серіктестіктің қызметі туралы Жалғыз қатысушыға белгілі болған ақпарат Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құзырлығындағы мәселелер бойынша Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге нысанда берілмейді.

29. Серіктестік қызметі туралы Жарғылық капиталдағы қатысу үлесін сатып алушыларға ақпаратты беру, ақпараттың берілу тәртібі мен ақпарат көлемі осы сияқты үлестерді сатып алу туралы алдын ала шарт шеңберінде тараптар арасында құпиялы ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қойғаннан кейін белгіленген тәртіппен тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

30. Серіктестіктің қызметіне қатысты және «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген құжаттарды Серіктестік өз қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Серіктестік атқарушы органының тұрғылықты жері бойынша сақтайды.

Өзге құжаттар Заңнамаға және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

31. Серіктестік өз үлестес тұлғаларын есепке алуды осы тұлғалар берген мәлімет негізінде жүргізеді.

Серіктестіктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Серіктестікке өз үлестес тұлғалары туралы мәліметті үлестес болу жағдайы туындаған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде беруге міндетті. Үлестес болуы тоқтатылған жеке және заңды тұлғалар Серіктестікті осы жайлы үлестес болуы тоқтатылған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде хабардар етеді.

6-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ

32. Серіктестіктің жарғылық капиталы 18 625 721 000 (он сегіз миллиард алты жүз жиырма бес миллион жеті жүз жиырма бір мың) теңгені құрады.

33. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер қойнауын пайдалану құқығы, жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдалану құқығы және өзге мүлік болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

34. Серіктестіктің мүлкі жарғылық капиталға енгізілген салымдар, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер есебінен, сондай-ақ займ қаражаты, Заңнамамен тыйым салынбаған тәртіппен Серіктестік сатып алған немесе ие болған басқадай мүлік есебінен қалыптастырылады.

35. Серіктестік жарғылық капиталының мөлшері Жалғыз қатысушының шешімі бойынша өзгеруі мүмкін.

36. Серіктестік жарғылық капиталының өзгерісі (ұлғаюы немесе азаюы) Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

37. Серіктестік жарғылық капиталының ұлғаюы мыналар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) Жалғыз қатысушы енгізген қосымша салымдар;
- 2) Серіктестіктің жеке капиталы, соның ішінде резервтік капитал есебінен;
- 3) Серіктестіктің құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау.

Серіктестіктің жарғылық капиталын Заңнамада белгіленген ең аз мөлшерден төмендетуге болмайды.

38. Серіктестіктің мүлкі оның теңгерімінде есепке алынады.

39. Қаржы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Серіктестік Қазақстан Республикасында қаржыландыруды Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен займ түрінде, сондай-ақ шетелдік банктерде немесе басқа қаржы ұйымдарында теңгемен және (немесе) шетелдік валютада тартуға құқылы.

40. Серіктестік Серіктестіктің шығындары мен шығыстарын өтеу үшін қажетті резервтік капиталды және (немесе) өзге қорларды құруы мүмкін. Резервтік капиталға және (немесе) қорларға жүргізілетін жыл сайынғы аударымдардың мөлшері Жалғыз қатысушының шешімімен белгіленеді.

7-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ОРГАНДАРЫ

41. Серіктестіктің органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз қатысушы;
- 2) бақылау-қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылау органы – Тексеру комиссиясы (Тексеруші) *(қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).*

Қадағалау кеңесінің және Басқарманың мүшелері Серіктестіктің лауазымды тұлғалары болып табылады.

8-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

42. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметін жеке өзі басқарады, Заңнамамен және Жарғымен өз құзырлығындағы мәселелерді шешеді. Жалғыз қатысушының шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

43. Басқарма Жалғыз қатысушының шешімді қабылдауы үшін мәселелерді әзірлеуді жүзеге асырады.

Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестіктің Басқармасы немесе Қадағалау кеңесі бастамашылық танытады.

Сондай-ақ, тарату процесінде Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестіктің Тарату комиссиясы бастамашылық танытуы мүмкін.

Серіктестік Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығару бойынша шығындарды өз мойнына алады.

Жалғыз қатысушының қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемде бергілген ақпаратты қамтиды.

44. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен (және) толықтыруларды, соның ішінде оның жарғылық капиталы мөлшерінің, тұрғылықты жері мен фирмалық атауының өзгерістерін енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қадағалау кеңесінің мүшелерін, соның ішінде төрағаны сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қадағалау кеңесі құрамының адам санын, өкілеттік ету мерзімін айқындау, Қадағалау кеңесі туралы ережені бекіту;

3) Басқарма мүшелерін, соның ішінде белгіленген тәртіппен бас директорды (Басқарма төрағасын) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма құрамының адам санын, өкілеттік ету мерзімін, Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметтерінің мөлшерін, оларға еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету талаптарын айқындау, Басқарма туралы ережені бекіту;

4) Тексеру комиссиясы мүшелерінің (Тексеруші), соның ішінде Тексеру комиссиясының төрағасын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясы (Тексеруші) адам санының құрамын, өкілеттік ету

мерзімін айқындау, сондай-ақ Тексеру комиссиясының (Тексеруші) есептемелері мен қорытындыларын бекіту;

5) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы, сондай-ақ заңды тұлғаларды құруы (заңды тұлғаларды құруға қатысу туралы), басқадай заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесі) сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы шешім;

6) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге салу туралы шешім;

7) Серіктестікті (Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім және осы сияқты сенімді басқаруға беру талаптарын айқындау;

8) Серіктестіктің мүлкіне Заңға сәйкес қосымша жарналарды енгізу туралы шешім;

9) Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;

10) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімдерін бекіту;

11) қаржы есептілігін бекіту, Серіктестік қызметінің тоқсандық, жарты жылдық немесе бір жылдық нәтижелері бойынша түскен таза кірістерді бөлу, алдыңғы кезеңдер бойынша бөлінбеген табысты бөлу;

12) Серіктестіктің қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

13) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқадай құжаттарды Жалғыз қатысушы бекіткен тізбе бойынша бекіту, сондай-ақ Басқарма төрағасы мен оның мүшелерінің лауазымдық қызметақыларының сұлбаларын бекіту, оларға өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды енгізу, сондай-ақ олардың күшін жою;

14) Жалғыз қатысушыға және үлес сатып алушыларына Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін және мерзімін бекіту;

15) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар құру және өкілдіктер ашу туралы шешім, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктерді тарату және жабу туралы шешім қабылдау;

16) Серіктестіктің осының нәтижесінде Серіктестікпен құны Серіктестік активтері теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан жоғары пайызын құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

Осы ретте Серіктестіктің осының нәтижесінде Серіктестікпен құны тиісінше кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер (негізгі сценарий) болжамымен айқындалған бағам бойынша 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына барабар шектен жоғары мүлік сатып алынатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің келісімі бойынша жүзеге асырылады;

17) Серіктестіктің қаржы міндеттемелерін (кредитор ретінде Жалғыз қатысушы/Қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда займдар, қаржы көмегі, қаржы кепілдіктері және

Серіктестіктің қаржы берешегін ұлғайтатын кез келген басқа міндеттемелер) 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден жоғары сомаға ұлғайту туралы шешім;

18) егер Заңға сәйкес аудит жүргізу міндетті болып табылған жағдайда, Серіктестіктің жылдық қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

19) Серіктестіктің салық, есеп саясаттарын бекіту;

20) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен (және) толықтыруларды енгізу;

21) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген өзге мәселелер, сондай-ақ Жалғыз қатысушы бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жататын мәселелер.

45. Жалғыз қатысушы Жарғыда айқындалған құзырлықтарына карамастан Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені пысықтауға құқылы.

46. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша өзге Серіктестік органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

47. Жалғыз қатысушының Серіктестіктің қызметіне қатысты кез келген мәселелер жөніндегі шешімдері жалпыға бірдей орындалуы міндетті болып табылады және мүлтіксіз атқарылуға тиіс.

48. Жалғыз қатысушы өзінің айрықша құзырлығындағы мәселелерді Серіктестіктің өзге органдарының пысықтауына бермейді.

9-БАП. ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ

49. Қадағалау кеңесі Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және өз қызметін Заңнамаға, Жарғыға, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырады.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының алдында жауап береді.

Қадағалау кеңесі Басқарманың қызметін тұрақты бақылауға, Серіктестіктің өз жұмысын Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асыруын қадағалауға тиіс.

Қадағалау кеңесінің Басқарма қызметіне бақылауды тиісті дәрежеде жүзеге асырмауы салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірілген шығындар үшін Қадағалау кеңесінің мүшелері Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

50. Басқарма қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қадағалау кеңесі өз бастамашылығы бойынша Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындау туралы есептемелерді, сондай-ақ Серіктестік қызметінің мәселелері бойынша кез келген өзге құжаттаманы немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының сұранысы бойынша пысықтау үшін есептемені беруге, мұнда оның қызметіне тұтастай баға беру және қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар қамтылуға тиіс.

51. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі кем дегенде үш мүше адам санында 3 (үш) жылдан артық болмайтын мерзімге сайланады. Қадағалау кеңесінің мүшесі

Бас директордың (Басқарма төрағасын) немесе Басқарма мүшесінің қызметін бір мезгілде атқармайды.

Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құрамына сайланған адамдар бірнеше мәрте қайтара сайлануы мүмкін.

Қадағалау кеңесінің мүшесі өз міндеттерін атқарудан осы жайлы Қадағалау кеңесіне жазбаша өтінішін жолдай отырып, кез келген уақытта бас тартуына болады.

Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қадағалау кеңесіне жаңа мүшені сайлау Жалғыз қатысушының шешімімен жүзеге асырылады, осы ретте Қадағалау кеңесіне жаңадан сайланған мүшенің өкілеттігі Қадағалау кеңесінің өкілеттік ету мерзімімен тұтастай бір уақытта аяқталады.

52. Қадағалау кеңесін төраға басқарады, ол Жалғыз қатысушының Қадағалау кеңесі мүшелерінің қатарынан белгіленеді.

Қадағалау кеңесі пысықтайтын мәселелер жөніндегі шешімдер Қадағалау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру кезінде Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыс саны теңдес болған жағдайда, Жарғының 53-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің төрағасы немесе оның функцияларын атқаратын тұлға дауыс берген шешім қабылданады.

53. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын төрағаның нұсқауы бойынша немесе Қадағалау кеңесінің шешіміне сәйкес Қадағалау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

54. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) болмаған жағдайда, Қадағалау кеңесі Тексеру комиссиясының (Тексеруші) барлық құқықтарына ие болады.

55. Қадағалау кеңесінің құзырлығына мына мәселелерді шешу жатады:

1) Серіктестіктің Бюджеті мен Бизнес-жоспарын, оларға енгізілетін түзетулерді бекіту және олардың орындалуына мониторинг жүргізу;

2) Серіктестік (оның филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін қоса алғанда) қызметкерлерінің жалпы адам санын бекіту;

3) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту;

4) Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық қызметақыларының сұлбасын және тарифтік мөлшерлемелерді, еңбекке ақы төлеу қағидаларын бекіту;

5) Филиалдар және (немесе) өкілдіктер туралы Ережелерді бекіту;

6) Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау, оның өкілеттік ету мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қадағалау кеңесі хатшысының лауазымдық қызметақысының мөлшерін (егер Қадағалау кеңесі хатшысының функцияларын атқару Серіктестіктің басқа қызметкеріне жүктелген жағдайда үстеме ақы мөлшері), еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау талаптарын айқындау;

7) комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттік ету мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, жұмыс тәртібін, лауазымдық қызметақысы мөлшерін, еңбекке ақы төлеу талаптарын, сыйлықақы беру мөлшерін және әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін айқындау, комплаенс-

офицердің қызметін бағалау, Қордың саясатына сәйкес комплаенс-офицерге қатысты тәртіптік жаза қолдану/тәртіптік жазаны алу, комплаенс-офицердің мақсаттарын айқындау және оның өз алдына белгіленген мақсаттардың орындалуын, комплаенс-офицер туралы ережені, комплаенс-офицердің жылдық жұмыс жоспарын бекіту, сондай-ақ комплаенс-офицердің тоқсандық және жылдық есептемелерін пысықтау және осы бойынша шешімдерді қабылдау;

8) Қадағалау кеңесі бекітуге тиіс тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Жалғыз қатысушы және Басқарма бекіткен құжаттарды қоспағанда) бекіту, оларға өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды енгізу, сондай-ақ Қадағалау кеңесі бекіткен құжаттардың күшін жою;

9) кадрлық, әлеуметтік, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық және ғылыми-техникалық саясаттарды, Серіктестіктің ақшасын басқару жөніндегі саясатты бекіту;

10) Серіктестіктің қаржы міндеттемелерін (займдар, қаржы көмегі, қаржы кепілдіктері және Жалғыз қатысушы/және/немесе оның еншілес ұйымы кредитор болып табылатын жағдайларды қоспағанда Серіктестіктің қаржы берешегін ұлғайтатын кез келген басқадай міндеттемелер) 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеге дейін сомаға ұлғайту туралы шешім;

11) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау, Серіктестіктің даму стратегиясын (жоспар) айқындау, сондай-ақ Серіктестіктің даму стратегиясының (жоспар) іске асырылуына мониторинг жүргізуді жүзеге асыру;

12) тәуекелді басқару, ішкі бақылау жүйесі, қызметті іркіліссіз басқару жүйесі саласында стратегияны айқындау, саясаттарды бекіту, тәуекелді басқару жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және олардың тиімділігін бағалау;

13) Серіктестіктің, Бас директордың (Басқарма төрағасы) және Серіктестік Басқармасы мүшелерінің негізгі қызмет көрсеткіштерінің корпоративтік және уәждемелі (функционалдық) карталарын, олардың мақсатты мәндерін, Серіктестіктің негізгі қызмет көрсеткіштері карталарының корпоративтік және уәждемелі (функционалдық) карталарының қорытынды нәтижелілігін Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен бекіту;

14) Қадағалау кеңесінің Жұмыс жоспарын бекіту;

15) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есептемені бекіту;

16) Серіктестіктің жылдық есептемесін бекіту;

17) Бас директордың (Басқарма төрағасы) және Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда қызметті қоса атқаруын келісу;

18) тағайындалуын, қызметтен босатылуын, басқа қызметке ауыстырылуын келісуді, қызметін бағалауды Қадағалау кеңесі жүзеге асыратын Серіктестіктің негізгі қызметтерінің тізбесін бекіту;

19) Серіктестіктің бюджеті мен бизнес-жоспарын қалыптастыру, бекіту, тиісті түзетулерді енгізу және мониторинг жүргізу тәртібін бекіту;

20) Серіктестіктің қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау, егер Заңға сәйкес аудит жүргізу міндетті болып табылмайтын болса;

21) қызметтік жеңіл автомобильдерге тиісті нормативтерді және Серіктестіктің әкімшілік аппаратын жайғастыру үшін алаң нормаларын айқындау;

22) қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқықтарын, өкілдік шығыстардың лимиттерін белгілеген кезде Серіктестіктің жеке қаражаты есебінен өтелуге тиіс шығыстардың лимиттерін айқындау;

23) қатысушылардың/Жалғыз қатысушының Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын Заңнамамен және (немесе) Жарғымен көзделген өзге мәселелер, соның ішінде Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен (қабылдаған) құжаттармен Қадағалау кеңесі құзырлығындағы мәселелер.

10-БАП. БАСҚАРМА

56. Басқарма Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады. Басқарманы Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады. Басқарманы құру және оның жұмыс тәртібі, мәртебесі және құзырлығы, Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігі, Басқарма отырыстарын шақыру, өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібі және өзге мәселелер Заңнамамен, Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, Басқарма мүшелерімен жасасқан еңбек шарттарымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

57. Басқарма Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындайды.

58. Басқарма Заңнамамен және Жарғымен Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын Серіктестік қызметінің кез келген мәселелері жөнінде шешімдерді қабылдауға құқылы, соның ішінде:

1) Серіктестіктің қаржы есептілігін мақұлдайды және оны Жалғыз қатысушыға бекіту үшін береді, Серіктестіктің тоқсан, жарты жылдық немесе жылдық қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза кірістерді бөлу, сондай-ақ алдыңғы кезең бойынша бөлінбеген табысты бөлмеу тәртібі туралы ұсыныстарды енгізеді;

2) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің филиалдарын құру және жабу, Серіктестіктің өкілдіктерін ашу және жабу туралы ұсыныстарды енгізеді;

3) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және қызметтен босатады;

4) дауыс беру (қатысу үлесі) акцияларының он және одан жоғары пайызы меншіктену немесе сенімді басқару құқығымен Серіктестікке тиесілі заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушылар) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөнінде шешімдерді қабылдайды;

5) Серіктестік (оның филиалдары және (немесе) өкілдіктерін қоса алғанда) қызметкерлерінің штаттық кестесін бекітеді;

6) Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі, Бас директор (Басқарма төрағасы) бекітуге тиіс құжаттарға жатпайтын, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

7) Серіктестік акционерлердің (қатысушы) құқықтарын жүзеге асырған кезде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

8) Серіктестік бойынша бухгалтерлік есепке алуды ұйымдастырады;

9) есеп саясатын және салық саясатын әзірлеуді және олардың Жалғыз қатысушыға бекіту үшін берілуін қамтамасыз етеді;

10) Қадағалау кеңесі бекітетін саясаттар мен нормативтік құжаттарды қоспағанда, тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

11) тәуекел-талғам деңгейінің сақталуы, тәуекелді басқару жүйелерінің тиімді жұмысы, ішкі бақылау және Серіктестіктің іркіліссіз қызметі үшін жауапты болады;

12) Қадағалау кеңесін Серіктестіктің негізгі тәуекелінің жай-күйі, сондай-ақ ішкі бақылау және іркіліссіз қызмет жүйесі жұмысының тиімділігі туралы уақтылы хабардар етеді және осы жөнінде есептілікті береді;

13) Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі шешімдерінің, Серіктестіктің қаржы есептілігіне аудит жүргізуді жүзеге асыратын аудиторлық ұйым, құрылымдық бөлімше не болмаса Серіктестіктің тәуекелін басқаруды ішкі бақылау үшін жауапты тұлға ұйғарымдарының орындалуына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады;

14) Қадағалау кеңесіне Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есептемені береді;

15) Жалғыз қатысушыға, Қадағалау кеңесінің мүшелеріне белгіленген тәртіппен Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты береді;

16) Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің пысықтауы үшін осылардың құзырлығындағы мәселелер жөнінде құжаттарды мақұлдайды және әзірлейді;

17) қажет болған жағдайда Басқарма жанындағы комитеттерді құрады және оларды қысқартады және осылар туралы ережелерді бекітеді;

18) Серіктестік қызметінің Заңнамаға сәйкес болуын қамтамасыз етеді;

19) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Серіктестіктің өзге органдарының, Бас директордың (Басқарма төрағасы) құзыретіне жататын мәмілелерді қоспағанда, Серіктестіктің мәмілелерді жасасуы туралы шешімдерді қабылдайды;

Осы ретте Серіктестіктің осының нәтижесінде Серіктестікпен құны тиісінше кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер (негізгі сценарий) болжамымен айқындалған бағам бойынша 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына барабар шектен жоғары мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің келісімі бойынша жүзеге асырылады;

20) Серіктестіктің қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес айқындалған аудиторлық ұйым қызметтері төлемақысының мөлшерін белгілейді;

21) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ тиісті құжаттарында осы сияқты жобаларды іске асыруға қойылған талаптар сақталғаннан кейін Серіктестікпен инвестициялық жобалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

22) қызметтік іссапарларға жіберілген Серіктестік қызметкерлерінің нормативтік шығыстарын айқындайды;

23) Серіктестік қызметкерлерінің даярлығын жүргізу және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді;

24) филиалдар мен өкілдіктердің, еншілес, сондай-ақ бірлесе-бақыланатын ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;

25) Серіктестік қызметінің басым бағыттары, Серіктестіктің даму стратегиясы (жоспар) жөнінде ұсыныстарды әзірлейді, оларды мақұлдайды және Қадағалау кеңесіне береді;

26) Серіктестіктің даму стратегиясын (жоспар) жүзеге асырады, оның орындалуы үшін жауапты болады, сондай-ақ Қадағалау кеңесіне Серіктестіктің даму стратегиясының (жоспар) орындалуы туралы есептемені «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі құжаттарымен белгіленген мерзімде жыл сайын беріп отырады;

27) Серіктестіктің бизнес-жоспарының жобасын, соның ішінде болған жағдайда стратегиялық (бизнес) бастамашылықтар тізбесін, сондай-ақ Серіктестіктің бюджетін әзірлейді, оларды мақұлдайды және Қадағалау кеңесіне береді;

28) Серіктестіктің қаржы міндеттемелерін (кредитор ретінде Жалғыз қатысушы/ және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда займдар, қаржылай көмек, қаржы кепілдіктері және Серіктестіктің қаржы берешегін ұлғайтатын кез келген басқа міндеттемелер) 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

29) тәуекелді басқару, ішкі бақылау жүйесі, қызметті іркіліссіз басқару жүйесі саласында олардың жұмысының тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған саясаттарды, қағидаларды, жұмыс нұсқаулықтарын және негізін құрайтын өзге нормативтік құжаттарды бекітеді;

30) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз қатысушының және (немесе) Қадағалау кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер, соның ішінде Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі немесе Басқарма бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдер) Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер.

59. Жалғыз қатысушы Басқарма мүшелерін Жалғыз қатысушы айқындаған мерзімге сайлайды, бірақ ол 3 (үш) жылдан артық және 7 (жеті) адам санынан жоғары болмауға тиіс.

Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Басқармаға жаңа мүшені сайлау Жалғыз қатысушының шешімімен жүзеге

асырылады, осы ретте Басқармаға жаңадан сайланған мүшенің өкілеттігі Басқарманың тұтастай өкілеттік ету мерзімімен бір мезгілде аяқталады.

60. Бас директоромен (Басқарма төрағасы) жасасқан еңбек шартына Қадағалау кеңесінің төрағасы немесе Жалғыз қатысушының уәкілетті тұлғасы қол қояды. Басқарма мүшелерімен жасасқан еңбек шарттарына Бас директор (Басқарма төрағасы) қол қояды.

61. Басқарма мүшелері міндеттерін орындаған кезде Серіктестіктің мүдделерін сақтай отырып, адал және парасатты әрекет етуге тиіс.

62. Басқарма мүшелері Жалғыз қатысушының Серіктестікке келтірген шығындарды өтеу туралы талабы бойынша Заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

63. Серіктестік Басқармасының мүшелеріне мыналарға тыйым салынады:

1) Жалғыз қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда (соның ішінде сыйға тарту, займ, өтеусіз тәртіппен иелік ету, сатып алу-сату шарттарын жасасу және басқасы) алуға бағытталған мәмілелерді жасасуға;

2) Серіктестік сияқты үшінші тұлғалардан Серіктестіктің үшінші тұлғалармен өзара мәмілелер жасасуы үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) үшінші тұлғалардың атынан Серіктестікке қатысты мүдделік танытуға немесе осылардың мүдделерін білдіруге;

4) Серіктестіктің қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

5) Қадағалау кеңесінің келісімінсіз басқадай ұйымдарда, соның ішінде атқарушы орган басшысының қызметінде не болмаса басқадай заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлға ретінде жұмыс жасауға.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көзделген шектеулер Басқарма мүшесінің зайыбына, оның басқадай барлық тікелей кейінгі және ата-тегі тамыры бойынша туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілеріне және апа-сіңлі-қарындастарына қатысты қолданылады.

64. Бас директор (Басқарма төрағасы):

1) Серіктестіктің Басқармасын басқарады;

2) Серіктестіктің атынан мүдделік білдіреді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, соның ішінде шарттарға, кепілдіктерге қол қояды, бұл жағдайда осы Жарғыда көзделген оларды жасасу, келісу, мақұлдау және (немесе) беру тәртібінің сақталуы талабы қойылады;

4) Серіктестіктің атынан үшінші тұлғалармен қатынастарда мүдделік таныту құқығына Жарғының осы тармағының 5) тармақшасында көрсетілген мәмілелер жасасу бойынша құқықтарды қоса алғанда, қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттарды береді;

5) мүліктік емес сипатындағы мәмілелерді, белгіленген тәртіппен жүргізілген сатып алулар рәсімдерінің қорытындылары бойынша мәмілелерді, сондай-ақ Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатпайтын мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде құны

8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеге дейін соманы құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасады;

Осы ретте Серіктестіктің макроэкономикалық көрсеткіштер (негізгі сценарий) болжамымен тиісінше кезеңде айқындалған бағам бойынша 20000000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына барабар шектен жоғары сомада мәмілелерді өткізілген сатып алулардың қорытындылары бойынша жасасуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің келісімі бойынша жүзеге асырылады;

6) Басқарма айқындайтын тәртіппен ішкі нормативтік құжаттарды, соның ішінде құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, Серіктестік қызметкерлерінің қызметтік нұсқаулықтарын, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын бекітеді;

7) Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің және Басқарманың шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

8) Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері жөнінде шешімдерді қабылдайды;

9) Серіктестіктің қызметкерлерін қызметке тағайындау, оларды басқа қызметке ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтарды шығарады, өз құзырлығы шегінде еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық қызметақы мен дербес үстеме ақы мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, Басқарма мүшелерін және Комплаенс-офицерді қоспағанда көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын қабылдайды;

10) Серіктестіктің банктік және басқадай шоттарын ашады, Серіктестіктің төлем құжаттарына қол қояды;

11) Серіктестіктің ағымдағы және келешек жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің алдында Серіктестіктің қызметі үшін жауапты болады;

13) өз құзырлығы шегінде Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауы міндетті бұйрықтарды шығарады, өкім етеді, нұсқау береді;

14) Басқарманың отырыстарын шақырады және олардың пысықтауы үшін қажетті материалдарды әзірлейді;

15) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін бұйрық негізінде Басқарма мүшелерінің біріне, ал Басқарма мүшелері дәлелді себептермен болмаған жағдайда, Серіктестіктің Бас директорының тиісінше орынбасарына жүктейді;

16) Серіктестіктің қызметкерлерімен, соның ішінде Басқарма мүшелерімен Серіктестіктің атынан белгіленген тәртіппен еңбек шарттарын жасасады және олармен жасасқан шарттарды бұзады;

17) Серіктестіктің басшы және басқарушы қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөледі, сондай-ақ олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін белгілейді;

18) Серіктестіктің кадрлық және әлеуметтік саясаттарын іске асырады;

19) Серіктестіктің операциялық қызметін ұйымдастырады;

20) Бизнес-жоспардың, Бюджеттің орындалуы және Серіктестіктің қаржы ресурстарының мақсатты жұмсалуды үшін жауапты болады;

21) Серіктестіктің қызметіндегі барлық маңызды оқиғалар туралы Қадағалау кеңесін хабардар етеді;

22) Серіктестік қызметкерлерінің жылдық күнтізбелік оқу жоспарларын бекітеді;

23) Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесі мен Басқарманың айрықша құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің ағымдағы қызметіне байланысты қалған барлық мәселелер жөнінде шешімдерді қабылдайды.

65. Жарғының осы бабының 64-тармағында көрсетілген Бас директордың (Басқарма төрағасы) барлық немесе қандай да болмасын өкілеттіктері ол уақытша болмаған мезгілде (демалыс, іссапарлар және басқасы) оның міндеттерін орындауды жүктеу арқылы Бас директордың (Басқарма төрағасы) шешімі бойынша белгіленген тәртіппен Серіктестіктің қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

66. Бас директор (Басқарма төрағасы) шет елге шығу іссапарларын Қадағалау кеңесімен келісуге тиіс.

11-БАП. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ (ТЕКСЕРУШІ)

67. Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін бақылауды жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушы қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушы айқындайтын мерзімге Тексеру комиссиясын (Тексерушіні) тағайындауы мүмкін, бірақ ол 3 (үш) жылдан жоғары болмауға тиіс.

68. Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) мүшелері Бас директордың (Басқарма төрағасы) не болмаса Басқарма мүшесінің қызметін бір мезгілде атқармайды.

69. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін кез келген уақытта тексеру құқығына ие болады және осы мақсатта Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қолжетімді болуға құқылы. Басқарма мүшелері Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) талабы бойынша қажет болатын түсіндірмелерді ауызша немесе жазбаша нысанда беруге міндетті.

70. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) Серіктестіктің жылдық қаржы есептілігін міндетті түрде Жалғыз қатысушы оны бекіткенге дейін тексереді. Жалғыз қатысушы жылдық қаржы есептілігін Тексеру комиссиясының (Тексеруші) қорытындысы не болмаса белгіленген тәртіппен тартылған аудитордың қорытындысы болмай бекітуге құқығы жоқ.

71. Тексеру комиссиясының (Тексеруші) жұмыс тәртібі Жарғымен, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттармен айқындалады.

72. Серіктестіктің қызметін жетілдіру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін, ішкі бақылау, тәуекелді басқару, корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын бағалауды бақылауды жүзеге асыруы мүмкін.

12-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТ

73. Серіктестіктің қаржы жылы ретінде күнтізбелік жыл (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда) болып табылады. Серіктестіктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін түзіп жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасында белгіленді.

74. Серіктестіктің жылдық қаржы есептілігінің, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйінің дұрыс болуын тексеру және растау үшін Серіктестік Серіктестіктің, Басқарманың, Қадағалау кеңесінің немесе Жалғыз қатысушының мүліктік мүдделерімен байланыста болмайтын аудиторлық ұйымды тартуға құқылы (сыртқы аудит).

Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қаржы есептілігіне аудитті жеке қаражаты есебінен жүргізуді талап етуге құқылы.

75. Егер аудиттің жүргізілуі міндетті болғанмен не болмаса оның жүргізілуін Жалғыз қатысушы талап еткенмен Басқарма Серіктестіктің қаржы есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит сот шешімімен кез келген мүдделі тұлғаның не болмаса Жалғыз қатысушының өтініші бойынша тағайындалуы мүмкін.

76. Серіктестік Заңнамаға сәйкес есепке алу тәртібі мен есепке алу дәйектілігінің сақталуы үшін жауапты болады.

13-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА КІРІСТЕРІН БӨЛУ

77. Серіктестіктің кірістері оның бір жылғы қызметінің қорытындылары бойынша қаржы есептілігі негізінде айқындалады.

78. Серіктестіктің бір жылғы қызметінің қорытындылары бойынша алынған таза кірістер Серіктестіктің тиісінше жылғы қызметінің қорытындыларын бекіту туралы Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес бөлінеді.

Жалғыз қатысушы қажеттігіне қарай қаржы есептілігін бекітуге және таза кірістерді тоқсан қорытындылары бойынша бөлуге құқылы.

Жалғыз қатысушы таза кірістердің немесе оның ішінара бөлігінің бөлінбеуі туралы шешім қабылдауға құқылы.

79. Серіктестік төлемдерді Жалғыз қатысушының таза кірістерді бөлу туралы шешімді қабылдаған күнінен бір ай ішінде ақшалай нысанда жүргізуге тиіс.

80. Серіктестік Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің барлық жарғылық капиталы толық төленгенге дейін кірістерді бөлуге құқығы жоқ.

14-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

81. Серіктестікті қайта құру, тарату және оның қызметін тоқтату Заңнамада көзделген тәртіппен және негіздемелер бойынша жүзеге асырылады.

15-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

82. Егер Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ереже мағынасына жақын және құқықтық қатынастарда қолданылатын ережемен ауыстырылады.

83. Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер Заңнамамен реттеледі.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС

Бас директоры (Басқарма төрағасы)



Б. Мұратұлы

Прошито и пронумеровано

23 (милитарска уи) партија
милитарска партија

М

